

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Моңғол билігі дәуіріндегі
Афроеуразия (1200–1350 жж.)





Кіріспе

XIII ғасырда Еуразия даласының орманды дала алқаптарында жаңа күш – моңғолдар пайда болады. Чжурчжендермен 1210–1235 жылдарды қамтыған 25 жыл соғыста Цзиннің Алтын империясы тарих сахнасынан толықтай кетіп, Қытай байлығына ашық жол ашылады. Оқулық авторлары көрсеткендей мұхитты билеп-төстеуші, Ұлы моңғол қолбасшысы – Шыңғысхан. Еуразия дала-мұхитының шексіз кеңістігіне көз тігеді. Чжурчжендерді жеңгеннен кейін-ақ моңғол құрылтайы батыс жорығы туралы шешім қабылдаған болатын, ал 1240 жылы Киевті құлатып, Русьті толықтай жаулап алады. Бұрынды-соңды адамзат тарихында болмаған әлемдік империя құрылады.

Авторлар нақты деректерге сүйене отырып, моңғол империясы Шыңғысхан мен оның ізін басушылардың шапқыншылығы нәтижесінде XIII ғасырда қалыптасты және оған әлемдік тарихта ең үлкен, Шығыс Еуропадан Жапон теңізіне дейін, Новгородтан Оңтүстік-Шығыс Азияға дейінгі іргелес аумақ енгенін көрсетеді.

Империя гүлденіп тұрған кезде оған Орталық Азия, Оңтүстік Сібір, Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс, Қытай және Тибеттің ұлан-ғайыр аймақтары енді. XIII ғасырдың екінші жартысында империялар ұлыстарға бөлшектене бастады, оларды ақсүйектер басқарды. Ұлы Моңғолияның ірі қалдығы ретінде Юань империясы, Жошы ұлысы (Алтын Орда), Хұлағулер мемлекеті және Шағатай ұлысын атап көрсетеді.

Оқулық авторлары 1271 жылы Юань императорының лауазымын қабылдаған Ұлы хан Құбылай барлық ұлыстарды басқаруға үміткер болғанын алға тартады. XIV ғасырдың басында іс жүзінде тәуелсіз мемлекеттер федерациясы түрінде империяның формальды бірлігі қалпына келтірілді. XIV ғасырдың соңғы ширегінде Моңғол империясы өмір сүруін тоқтатты деп көрсетеді кітап авторлары.

Жарты ғасырға жуық тоқтаусыз жүрген шапқыншылық жорықтар нәтижесінде Шыңғысхан Жапон теңізінен Каспий теңізіне дейінгі аумақта 700-ден астам халықты бағындырды және тарихта ең үлкен империяны құрды. Шыңғысхан моңғол транскрипциясында Темучин 1155 ж. туған, кейбір дереккөздерге сәйкес туған жылы 1162 ж. деп көрсетіледі. Балаға 11 жыл толғанда, ірі жер иеленуші және ұлы жауынгер оның әкесі қайтыс болады. Осыны бәсекелес рулар пайдаланып, Шыңғысханның отбасынан жайылымдық жері мен көшпенділердің басты құндылығы – малдарын тартып алады. Бала өскен кезде тартып алған мүліктеріне өз құқығын білдірмес үшін, оны өлтіруге тырысады. Алайда Шыңғысхан көршілес руға қашып кетіп, ол жерде өсіп-жетілді, әкесінің кегін алуды армандады. Бала кезінде көрген күйзелісі мен реніші болашақта оның жаулап алушыға айналуына ықпал етті деп пайымдайды авторлар.

Күші мен ерлігінің, сондай-ақ, Шыңғысханды қамқорлығына алған ру басының қолдауының арқасында ол 18 жасынан-ақ көршілес моңғол тайпаларына шапқыншылық жасап, малдары мен құлдарын жаулап алатын нөкер жасағын басқарады. Оның жолы болғыш жасағына біртіндеп жаңа жауынгерлер қосылып, қатары көбейе бастайды, ал мұның нәтижесі ретінде Шыңғысханның одан да өршіл жоспарларды құра бастауын алға тартқан авторлар өз зерттеулерінде біршама нақты мәліметтерді алға тартады.

Батысқа жорықтар

Кітап авторлары Шыңғысханның алғашқы ірі әскери жеңісі сол кезде Цзинь Қытай мемлекетімен соғысып жатқан татар әскерлерін 1196 ж. талқандауы болғанын атап өтеді. Шыңғысхан Қытай мемлекетінің жағында болып, осы жеңістерінің арқасында үлкен олжаға кенелді және де әскери комиссар атағын алады. 1197–1205 жж. моңғол тайпалары қауымдастығының ішінде тайпалар мен ұлыстар арасында қиян-кескі өзара соғыс болады, мұнда да Шыңғысхан тобы жеңіске жетеді. Ол 1206 жылы көктемде барлық моңғолдардың бас ханы болып жарияланады. Шамамен сол уақытта ол осы халықтың бүкіл өмірлік салтын әскерилендіруге бағыттап, реформалар жүргізді. Сөйтіп әскер санын 100 мың адамға дейін жеткізді.



1207 жылдан 1211 жж. аралығында моңғолдар Солтүстікке экспансия жасайды, мұнда Оңтүстік-Шығыс Сібір және Қиыр Шығыстың барлық дерлік тайпаларын бағындырып, оларға салық салады. Осы кезеңде Шыңғысхан ортаазиялық жорығын жасап, қазіргі Шығыс Қазақстан аймағының жерлерін басып алады. 1213 ж. моңғолдар мықты әскери күшке айналғандығы соншалықты, сол кезеңдегі ұлы империя – Қытайға қарсы шықты. Бірінші кезеңде олар Си-Ся таңғұт мемлекетін бағындырды, Ұлы Қытай қабырғасына жол ашты. Кейіннен Шыңғысхан тікелей Цзинь империясына басып кірді, бүкіл Қытай қабырғасының бойына бақылау орнатты. Өз әскерін үш бөлікке бөліп, ұлы хан оларды Қытайдың жан-жақтағы шегарасына жіберді. Сөйтіп осы мемлекеттің солтүстігін толықтай басып алды. Қытай императоры формалды түрде өз лауазымы мен аумаққа билігін сақтап қалды, бірақ, Шыңғысхан жорығынан кейін бір ғасыр дерлік Қытайды моңғолдар бақылады.

1219 жылы моңғол әскерлерінің саны 150 мың жауынгерден асты және Шыңғысхан байлығы мол Орта Азияға басып кіреді. Осы өңірдегі ірі мемлекет – Хорезмді билеуші Мұхаммед шах та да айтарлықтай мықты күші бар еді, бірақ, Шыңғысханға қарағанда әлсіздік көрсетті. Нәтижесінде оның әскері тойтарылып, моңғолдар біртіндеп өңірдегі бекіністі қалаларды – Ходжент, Отырар, Бұхара, Үргеніш, Самарқанд және соңында Хорезмді жаулап алды. Басқыншылықты үдете отырып, моңғолдар Үнді сұлтанатына басқыншылық жасады, алайда аттарына азық-түліктің жеткіліксіз болуына байланысты тек жекелеген табыстарға ғана қол жеткізе алды.

Оқулық авторларының пайымдауынша, қашып кеткен Хорезм шахы Мұхамедтің ізіне түсіп, Шыңғысхан түмендері Солтүстік Иран мен Казказды басып өтті, жолындағы қалаларды бағындыра отырып, үлкен олжаға ие болды. 1220 жылы моңғол атты әскері половец-қыпшақтардың күшті әскерін, одан кейін одақтасына көмекке келген біріккен орыс әскерін талқандайды. Қалқа өзені жанындағы қиян-кескі шайқаста Шыңғысхан әскері қатты әлсіреді, сөйтіп Шығысқа қарай шегіне отырып, Еділ бұлғарларының әскерімен толығымен дерлік талқандалды. Тек моңғолдардың біршама ғана әскері Батыс жорығынан Орта Азияға 1224 жылы қайтып орала алды. Осыдан кейін Шыңғысхан тағы да өз түмендерін Қытайдың Солтүстігі мен Батысына жолдады, олардан олжа жинап, наразылықтарын басты. 1226–1227 жылдары моңғолдардың соңғы жорығы болды, оған ұлы ханның өзі қатысты. Бұл жорықта олар толығымен талқандалды және Си-Ся таңғұт мемлекетінің геноцидіне ұшырады. Оның астанасы Чжунсин қаласының қоршауында 1227 жылдың жазында Шыңғысхан шамамен жұқпалы ауру салдарынан қайтыс болды.

Моңғоләскері Шыңғысхан реформалаған далалық көшпенділердің әскери ұйымын көрсетті. Олар күнделікті тұрмыстың ықпалымен, сондай-ақ, орталық-азиялық өңірдің көшпенді және отырықшы халықтарының әскери дәстүрлерінен, атап айтқанда қидандар және чжурчженей ықпалымен қалыптасты деп пайымдайды оқулық авторлары. Империяның алғашқы өмір сүру кезеңінде әскер басқыншылық құралы ғана емес, сондай-ақ, мемлекетті басқарудың маңызды механизмі болды. Әскер азиялық түменбасы бойынша ұйымдастырылды. Әскер ондық, жүздік, мыңдық және он мыңдық түмендерге бөлінді. Мыңдықтар әскери бөлімшелер ғана емес, сондай-ақ, әкімшілік-аумақтық бірліктер болды. Түмендер саны 100 мың адамға дейін жететін атты әскерге біріктірілді. Шыңғысхан әскерінде ондықтар мен жүздіктер, әдетте бір рудан немесе рулар тобынан шыққан адамдардан тұрды. Мыңдық сияқты барынша ірі бірігулерді Шыңғысхан әртүрлі рулар мен тайпаларға жататын жауынгерлерден құрады. Бұл Шыңғысханның мақсатты саясатының бір бөлігі болды, оның мақсаты бірікпеушілікті жеңу және мемлекетті орталықтандыру болды.

Оқулық авторларының айтуынша, моңғол империясындағы мемлекеттік басқару әскери қажеттіліктермен тығыз байланысты болды және көшпенді қоғамның дәстүрлі иерархиясына сүйенді. Оның негізінде ру-тайпалық тұрмыстың принциптері жатты – көшбасшылар руды басқарды, бірнеше ру тайпаға бірікті, тайпалар тайпалық одақтарға және т.б. бірікті. Нәтижесінде басқарудың барлық жүйесі авторитарлық ақсүйектік сипатта болды және әскери иерархиядан ажыраған жоқ. Рулар мен тайпалар соғыс болған жағдайда олардың санына қарай, әдетте соғыстар үздіксіз болып жатқан, ондық, жүздік, мыңдық аттыларды жасақтап шығарып отырған.



Ұлы Ясы – Шыңғысхан санкциялаған Моңғол империясының заңы мен ережелер жинағы. «Ясы» 1206 жылы Ұлы құрылтайда Темучинді бүкіл ұлы далала Шыңғысхан етіп жариялаумен бір уақытта жарияланды. Бірақ бұдан кейін «Ясы» толықтырылып және кеңейтіліп отырды. Шыңғысхан қаулыларының негізгі міндеті жаңа құқық жүйесін құру болды, ол моңғол қоғамын жаңғыртатын қажеттіліктер мен сауалдарға сәйкес келді. «Ясы» заңды ұйғарымдардан тұрды, оны Шыңғысхан тұқымдары, сәйкесінше олардың бағыныштылары қатаң ұстану қажет болды, ал «Білік» процессуалдық кодекс ретінде болды, оған сәйкес қолданыстағы заң – «Ясыны» бұзғандарды соттады.

Шыңғыстан кейінгі моңғол экспанциясы

Кітап авторлары Шыңғысханнан кейінгі моңғолдардың маңызды әскери жорықтарының жалпы хронологиясын, кезеңдерге бөле отырып үлкен мән бере қарастырады. Ара-тұра уақыт салып, Солтүстік Қытайға шабуыл жасау мақсатында 1233 жылы моңғол түмендері Приморьеге дейін жетті және Шығыс Ся чжурчжэн мемлекетін басып алды, ал келесі жылы Цзинь әулеті толығымен құлады – империясының соңғы тірегі Цайчжоу қаласы жаулап алынды. Чжурчжэн императоры асылып және жауларының қолына түспеу үшін денесін өртеуді бұйырды.

1231–1232 жж. Корей жартыаралына жорық жасалды және Коре әулеті құлатылды. XIII ғ. 30–40 жылдары Иран иелігіне бірнеше сәтті жорықтар жасалды. 1234 жылдан бастап Қытайдағы соғыс қайта басталды, бұл жолы Сун әулетіне қарсы соғысты. Үш жылдан кейін сундар жыл сайын 200 мың кесек күміс және 200 мың кесек жібек беруге келісті. Мөңке 1251 жылы әскери іс-қимылдарын қайта бастады, алайда бүкіл Қытай тек Хибула кезінде 1279 жылы ғана жаулап алынды.

1235 жылы Ескі Дүниенің көптеген халықтарының тағдырын анықтаған құрылтай өтті: Еуропа мен Азияда жаулауды жалғастыру туралы шешім шығарылды. 1236 жылы Еділ Бұлғарлары жаулап алынды. Келесі жылдың қысында моңғол әскерлері Русь жеріне басып кірді: Бату әскерінің жорығынан Рязань, Владимир, Суздаль және Ұлы Ростов бірінен соң бірі құлады. Моңғолдар да көп шығынға батты және жаңадан шабуыл жасау үшін бірнеше жыл күш жинауы керек болды. 1239 жылы Чернигов басып алынды, 1240 жылдың күзінде Киев қоршауға алынып, басып алынды. 1241 жылдың қаңтарында моңғолдар Польша мен Венгрияға басып кірді. Бұл жорық Еуропа елдерінің халқына қорқыныш әкелді және оларды моңғол қағаны Үгедейдің өлімі ғана құтқарып қалды.

Моңғол империясының құрылуында моңғолдарда мейірімсіз қанішерлердің адам қызыға қоймайтын беделі болды. Моңғолдар жасы мен жынысына қарамастан жаулап алған мемлекеттердің тұрғындарын өлтірді. Әсіресе әйелдерді қатты қорлаған. Басып алған қалаларды жермен жексен қылды, ал халқын өте қатты қорлап, жойған. Қазіргі Иранда орналасқан Хамадан қаласының тұрғындары өлтірілді, бірнеше күн өткеннен кейін әскери қолбасшы әскерін қаланың қираған үйіндісіне жіберді, алғашқы шапқыншылық жасаған кезде қалада болмай қалған және моңғолдар қайтып оралғанша дейін келіп үлгергендерді өлтіруге жіберді. Ер азаматтарын көбінесе моңғол әскеріне алған, оларға «не өлесің не империяға ант бересің» деген екі таңдау қалдырды.

Бірақ кейіннен Шыңғысхан тактикасын өзгертті. Бейжіңде ол қидандардың патша әулетіне рулас моңғолдарына жататын тұтқынға түскен қытай – Елюй Чуацпен кездесті. Осы әулет Қытайда X ғасырдан XI ғасырға дейін билеген. Тұтқын өте ақылды және білімді кітапқұмар болған. Шыңғысханға жақын адам болып, ол ханды қала мен жерді пайдаланушыларды жоймауды, оларға салық салып, империя игілігіне пайдалануға көзін жеткізді.

Авторлар Еуропада жүз жылдан кейін оба індетінің таралуы моңғолдардан басталды деп санайды. XIV ғасырдың ортасында Генуя республикасын моңғол әскері қоршап алады. Жаулап алушылардың арасында індет тарап, көптеген адамдардың өмірін әкетті. Олар індет шалған мәйіттерді биологиялық қару ретінде пайдаланып, оларды қаланың қабырғаларына катапультамен атқылайды.



Еуразия ауқымында көшпенді империялар дәуірінде ұзақ уақыт бойы Аспан астының салмақты биполярлық әлемдік тәртібі орнатылды. Ұлы әскери қақтығыстар бейбітшілік және мәдениеттердің өзара ықпал етуі мен өзара толығуымен кезектесіп отырды. Көшпенді халықтар әлемге, Ұлы Қытай даласының халқына және болашақ өркениетті еуропалықтарға ертоқым, шалбар, музыкалық аспаптар, музыка, би, малдың азықтық өнімдері сияқты элементтерді сыйлады.

Авторлардың айтуынша, көшпенді империялар Ұлы даланың шексіз кең кеңістігіне жайылды. Осы империялардың «балқыту қазандығында» басқа мемлекеттер сіңісіп қана кетпей, керуен саудасының арқасында көшпенділер мен Ұлы дала «жағалауында» тұратын халықтар арасында қарқынды материалдық және мәдени алмасу орын алды. Моңғол әлемі – *RaxMongolica* – Батыс пен Шығысты бір кеңістікке біріктірді, халықаралық сауда мен діни төзімділіктің бұрын болмаған қауіпсіздігімен ерекшеленді.

Ұлы Жібек жолы екі басты бағыт арқылы Ханбалықтан (Бейжің) Батысқа қарай өтті. Солтүстік жол Төменгі Еділ арқылы өтті, мұнда Алтын Орда астанасы орналасқан болатын. Оңтүстік жол «Хорасан» арқылы өтті, парсыдан аударғанда «Шығыс» дегенді білдірді. Ирригацияның арқасында жерді пайдаланушылардың табанды еңбегі мұнда гүлденген оазистерді жасады. Мұнда парсы мәдениеті гүлденді, «парсы Гомері» – Ұлы Фирдоуси өмірге келді, ал Хорасанның астанасы – Нишапур Омар Хайямның отанына айналды.

Діни картаның өзгеруі

Оқулық авторларына сүйенсек, моңғолдар шаманизмді, сондай-ақ, ішінара тәңіршілдікті де ұстанғанын айтады. Юань империясы кезеңінде ресми дін Сакья дәстүрінің тибет буддизмі болды. Юань империясының құлауынан кейін буддизммен қатар, шаманизм де қайтадан үлкен мәнге ие болды. XVI ғасырдың соңында Моңғолиядағы шаманизм Гэлуг дәстүрінің тибет буддизмімен ығыстырылды.

Астрономдар жұмыс үстінде. XV ғасырдағы бұл миниатюрада оң жақтағы Наср әд-Дин әл-Туси Марагадағы астрономиялық обсерваторияда жазу үстелінде отыр. Бұл суреттегі дөңгелек жез объектілер – астрологиялар, яғни астрономиялық өлшеулер үшін қолданылатын құрылғылар. Әл-Туси моңғол ханы Құлағуды осы институтты салуға көндірді.

Шыңғысханның немересі Берке хорезмдік дервиш Сайфуддин Дервиштің күш салуының арқасында исламды қабылдады және исламды қабылдаған алғашқы моңғол билеушілерінің бірі болды. Басқа моңғол хандары мұсылман әйелдерінің ықпалымен исламды қабылдады. Кейінірек мәмлүк билеушісі Бейбарыс Батыс Ордамен байланысты нығайтып, ақсүйек моңғолдарды Мысырға шақырды. Мысырға сапар исламды қабылдаған моңғолдардың санын айтарлықтай көбейтті. 1330 жылдары Моңғол империясы билеушілерінің төрттен үш бөлігі мұсылмандар болды. Керейіт тайпасының ақсүйек билеуші топтары XI ғасырдың басында христиандықтың несториандық жолын қабылдады. Тайпалық одақтардың бірі Наймандардың арасында буддизм мен христиандық тараған болатын. Бұл екі дін де Моңғолияда ұйғырлар арқылы тарады деп пайымдайды авторлар.

Кітап авторларының пікірінше Шыңғысхан қандай да бір дінде болған жоқ және қандай да бір діни нанымды ұстанған жоқ. Ол фанатизмнен аулақ болды және бір дінді келесі бір діннен артығырақ көрген жоқ. Керісінше ол өзі жақсы көретін және өзі құрметтейтін данышпандардың және кез келген тайпаның тақуаларының беделін қолдады, мұны құдайға деген сүйіспеншілігі ретінде қарады.

Христиандықтың несториандық жолын қабылдаған керейіттер сияқты, Орта Азия тайпаларының ханшайымдарына үйленген, көптеген алғашқы моңғол билеушілері өздерінің христиан бағыныштыларына рақым етті. Тіпті Батыс Еуропа мен крестшілерге жағынды. Жүз жыл аспай-ақ, Хұлағу әулетінің билеушілері исламға бет бұрды.



Қорытынды

Біз бүгінгі дәрісімізде Моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі әлем картасындағы үлкен өзгерістер туралы, сол уақыттың сынына түскен өркениеттер қақтығысы жайында, Шыңғысхан және оның ізбасарларының ұстанған позициясы туралы біраз мәліметтерді қарастырдық.

Моңғол империясы әлемді дүр сілкіндірген бірегей мемлекет болды. Еуразия материгінің жартысына жуық бөлігін басып алып, ол соңынан ауқымды геосаяси мұра қалдырды. Моңғол хандары өздерінің басқаруына түскен аумақтарды билеуді реттеу мақсатында оларды орталықтандырды. Бұл мәдени аймақтар орнында жаңа бірыңғай мемлекеттердің империясының пайда болуына әкелді. Мин әулетінің басқаруымен Қытай қайтадан ұлы державаға айналды.

Оқулық авторлары қорытындылай келе Моңғол империясына үлкен маңыз беретін сараптамалық пікірлерін ұсынады. Соның ішінде, Шығыс Еуропаның саяси бытыраңқы орыс жерлерінде Жошы хандарының бірыңғай басқаруы нәтижесінде Мәскеу мемлекеті қалыптасты, одан Ресей туындағанын айтады. Сондай-ақ, Жошылар билігіндегі Поволжье және Батыс Сібір түркі халықтары бірыңғай татар этносын қалыптастырғанын баса айтады. Ең соңында Моңғолияның өзін басқарған тайпалар жазық далада көшіп-қонып жүрген аумақ емес, бірыңғай үлкен, қуатты мемлекетке айналды.

Алайда авторлар моңғолдар құрған державаның ешқандай жерде айтарлықтай мәдени мұра қалдыра алмағанын да атап өтеді. Өйткені ол басып алған барлық дерлік елдер мәдени және саяси дамуы бойынша моңғолдардың өздерінен оқ бойы озық болған еді, сондықтан, оның бірлігін сақтап қалу үшін бөтен мәдениетті қабылдауға мәжбүр болды. Осы себепке байланысты Моңғол империясы ұзақ өмір сүре алмады. Моңғол мұрагерлері өз ұлыстарында өздері шетелдік бағыныштылар сияқты, өздерінің үстінен империя билігіне одан әрі шыдауды қаламай, ол империяны өз қолдарымен талқандады.

Сұрақтар

1. Шыңғысханның басты шапқыншылығының хронологиясын жазыңыз.
2. Моңғолдар кезінде мемлекет пен әскер қалай құрылды?
3. Шыңғысханның ұрпақтары кезіндегі басты шапқыншылықтарының хронологиясын сипаттаңыз.
4. Еуразия тарихында Моңғол империясы қандай маңыз қалдырды?